

**"Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ туралы шартқа қол қою туралы"  
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі N 832 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ туралы шартқа қол қою туралы"  
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан  
Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ**

**Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ туралы  
шартқа қол қою туралы**

**Қ А У Л Ы      Е Т Е М І Н :**

1. Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ туралы шарттың жобасы  
ма қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы  
Тоқаев Қазақстан Республикасының атынан Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат  
аймақ туралы шартқа қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен  
толықтырулар            енгізуге            рұқсат            берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

ЖОБА

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы \_ \_ \_ \_ \_

N \_ \_ \_

Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНҒАН

# Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ туралы ШАРТ

## Кіріспе

О с ы Ш а р т т ы ң Т а р а п т а р ы ,

1997 жылғы 28 ақпанда қабылданған Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Алматы декларациясын, 1997 жылғы 15 қыркүйекте Ташкентте өңірдің бес мемлекетінің сыртқы істер министрлері қабылдаған мәлімдемені, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының "Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру" деп аталған 1997 жылғы 9 желтоқсандағы 52/38S, 1998 жылғы 4 желтоқсандағы 53177A және 2000 жылғы 20 желтоқсандағы 55133W қарарларын және Орталық Азия елдері сарапшыларының консультативтік кеңесінің, ядролық қарулары бар мемлекеттердің және Біріккен Ұлттар Ұйымының 1998 жылғы 9 шілдеде Бішкекте қабылданған коммюникесін басшылыққа ала отырып,

осы қаруды жоюды түпкі мақсат етіп жаһандық деңгейде ядролық қаруды қысқарту жөніндегі жүйелі және дәйекті күш-жігер жұмсауды жалғастырудың, сондай-ақ халықаралық қатал да тиімді бақылаумен жаппай және толық қарусыздану қажеттігін атап өте отырып және барлық мемлекеттер осы мақсатқа қол жеткізуге үлес қосуға міндетті екендіктеріне сенімді бола отырып,

Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ - ядролық қаруды таратпау режимін нығайту ядролық энергияны бейбіт мақсаттарға пайдаланудағы ынтымақтастықты дамыту радиоактивті ластанудан зардап шеккен аумақтарды экологиялық оңалтудағы ынтымақтастықты дамыту мен өңірлік және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жолындағы маңызды қадам болып табылатынына көз жеткізе отырып,

Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ, әсіресе, егер Ядролық қаруды таратпау туралы шартта танылған ядролық қаруы бар бес мемлекет тиісті Қауіпсіздік кепілдіктері туралы хаттамаға (бұдан әрі - Хаттама) қол қоятын болса, Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігін нығайтуға жәрдемдеседі деп есептей отырып,

Латын Америкасы мен Кариб бассейнін, Тынық мұхиттың оңтүстік бөлігін, Оңтүстік Шығыс Азия мен Африканы қоса алғанда, бірнеше өңірде ядролық қаруға иелік етуге, оны өндіруге, әзірлеуге, енгізуге және өрістетуге, сондай-ақ, қолдануға немесе оны қолдану қаупіне тыйым салынған ядролық қарудан азат аймақтар құрылғанын тани отырып және осындай режимді бүкіл тіршілік иесінің игілігі үшін барлық ғаламшарға таратуға ұмтыла отырып,

1995 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (бұдан әрі ЯҚТШ деп аталады) қатысушылардың конференциясында қабылданған ЯҚТШ-да, "Ядролық қаруды таратпау және қарусыздану қағидаттары мен мақсаттарында" және ЯҚТШ-ға

қатысушылардың 2000 жылғы конференциясының қорытынды құжатында, сондай-ақ Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартта айтылған қағидаттар мен мақсаттарда баяндалған міндеттемелерді растай отырып, Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құруды шешті және мыналар туралы келісті:

## 1-бап

### Терминдер анықтамасы және оларды қолдану

Осы Шарттың мақсаттары үшін:

а) "Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ" Тараптардың аумақтарын қамтиды;

б) "ядролық қару немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғы" осы құрылғы пайдаланылуы мүмкін әскери немесе азаматтық мақсаттарға қарамастан, ядролық энергия бөліп шығаруға қабілетті кез келген қаруды немесе басқа да жарылғыш құрылғыны білдіреді. Бұл термин құрастырылмаған немесе ішінара құрастырылған түрдегі осындай қаруды немесе құрылғыны қамтиды, бірақ егер одан ажыратуға болатын және оның ажырамас бөлігі болып табылмайтын болса, мұндай қаруды немесе құрылғыны тасымалдау немесе жеткізу құралдарын қамтымайды;

с) "орналастыру" әкелуді, орналастыруды, жинақтауды, сақтауды, орнатуды және өрістетуді білдіреді;

д) "ядролық материал" ол Атом Энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (бұдан әрі МАГАТЭ деп аталады) уақыт өткен сайын енгізетін түзетулерін есепке ала отырып, МАГАТЭ Жарғысының XX бабында белгіленгендей, кез келген бастапқы немесе арнаулы ыдыратқыш материалды білдіреді;

е) "радиоактивті қалдықтар" кез келген радиоактивті материалды, яғни, іс жүзінде қолданудан шығарылатын немесе шығарылған және бұдан былай пайдаланылмайтын, белсенділігі және олардағы радионуклидтер белсенділігінің қоспасы - МАГАТЭ жариялаған халықаралық нормалар қолданысынан босату көзделетін төменгі деңгейден асып түсетін радионуклидтері бар кез келген затты білдіреді;

f) "қондырғы" дегеніміз:

I) реакторды, сындық құрастырманы, конверсия жөніндегі зауытты, әзірлеу жөніндегі зауытты, қайта өңдеу қондырғысын, изотоптарды бөлуге арналған қондырғыны немесе жеке қойманы; немесе

II) әдетте бір тиімді килограмнан асатын мөлшердегі ядролық материал пайдаланылатын кез келген орынды білдіреді.

## 2-бап

### Шарттың қолданылу аясы

1. Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақты қолдану аясы Тараптар өздерінің ұлттық заңнамаларына және өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес өздерінің егемендік құқықтары мен заңи құзыретін жүзеге асыратын Тараптардың мемлекеттік аумақтары мен аймақтары ретінде түгелдей осы Шарттың мақсаттары үшін белгіленген.

2. Осы Шарттағы ештеңе де осы аймаққа енуі немесе енбеуі мүмкін құрылықтық немесе сч кеңістіктерінің тиесілігіне немесе оған деген егемендігіне қатысты кез келген дауда Тараптардың кез келгенінің құқықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс және осы құқықтарды қандай да бір өзгеше түрде қозғамауға тиіс.

### **3-бап**

#### **Негізгі міндеттемелер**

##### **1. Тараптардың әрқайсысы:**

а) қай жерде, қандай құралдармен болмасын кез келген ядролық қаруға немесе ядролық жарылғыш құрылғыға зерттеу жүргізуді, оларды әзірлеуді, шығаруды, олардың қорларын жинақтауды немесе өзгеше түрде сатып алуды, иеленуді немесе бақылау жасауды жүзеге асырмауға;

б) кез келген ядролық қаруды немесе ядролық жарылғыш құрылғыны зерттеуге, әзірлеуге, шығаруға, жинақтауға, сатып алуға, иеленуге немесе оған бақылау жасауға ешқандай көмек іздемеуге және алмауға;

с) кез келген ядролық қаруды немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғыны зерттеуге, әзірлеуге, шығаруға, жинақтауға, сатып алуға және иелік етуге немесе бақылау жасауға көмек көрсету үшін ешқандай іс-қимыл жасамауға және көтермелемеуге;

##### **d) өз аумағында:**

I) ядролық қаруды немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғыны сақтауға, орналастыруға, сатып алуға, қолдануға немесе шығаруға;

II) ядролық қаруды немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғыны алуға, сақтауға, жинақтауға, орнатуға, иеленуге және оларға бақылау жасауға;

III) кімнің болсын ядролық қаруды немесе ядролық жарылғыш құрылғыны әзірлеуіне, шығаруына, оның қорын жинақтауына немесе сатып алуына және иеленуіне жәрдем көрсетуге немесе көтермелеуге жол бермеуге міндеттенеді.

2. Тараптардың әрқайсысы өз аумағында басқа мемлекеттердің радиоактивті қалдықтарын көмуге жол бермеуге міндеттенеді.

### **4-бап**

#### **Шетелдік кемелер, ұшу аппараттары және жер үсті көлігі**

Осы Шарттың мақсаттары мен міндеттеріне нұқсан келтірместен Тараптардың әрқайсысы өзінің егемендік құқықтарын жүзеге асыру тәртібімен шетелдік кемелердің өзінің айлақтарына енуін және шетелдік ұшу аппараттарының өзінің әуежайларына қонуын қоса алғанда, өз аумағы арқылы әуе, құрылықтағы немесе су жолдары арқылы транзитіне байланысты мәселелерді шешуге ерікті.

## **5-бап**

### **Ядролық қару немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғылар сынақтарына тыйым салу**

Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартқа сәйкес Тараптардың ә р қ а й с ы с ы :

а) ядролық қарудың кез келген сынақтық жарылысын немесе кез келген басқа да ядролық жарылысты жасамауға;

в) өзінің заңи құзыреті аясындағы немесе бақылауындағы кез келген жерде кез келген мұндай ядролық жарылысқа тыйым салуға және оны болдырмауға;

с) ядролық қарудың кез келген сынақтық жарылысына және кез келген басқа да ядролық жарылысты жасауға түрткі болудан, көтермелеуден немесе қандай да бір қатысудан қалыс қалуға міндеттенеді.

## **6-бап**

### **Экологиялық қауіпсіздік**

Әрбір Тарап ядролық қаруды немесе басқа да ядролық жарылғыш құрылғыларды әзірлеуге, шығаруға немесе сақтауға байланысты, атап айтқанда, уран қалдықтарының көмбесі мен ядролық сынақ полигондарының бұрынғы қызметінің нәтижесінде ластанған аумақтарды экологиялық оңалту жөніндегі кез келген күш-жігерге ықпал етуге міндеттенеді.

## **7-бап**

### **Ядролық энергияны бейбіт мақсаттарға пайдалану**

Тараптардың ядролық энергияны бейбіт мақсаттарға пайдалану құқығына осы Шарттың ешқандай ережесі нұқсан келтірмейді.

## **8-бап**

### **МАГАТЭ кепілдіктері**

Т а р а п т а р д ы ң ә р қ а й с ы с ы :

а) өзінің аумағында орналасқан, өзінің заңи құзыреті аясындағы немесе қай жерде

болмасын өзінің бақылауындағы ядролық материалдарды және құрылғыларды тек қана бейбіт мақсаттарға пайдалануға;

в) осы Шарт күшіне енгеннен кейін он сегіз айдан кешіктірмей ЯҚТШ-ға (INFCIRC/153 (Corr.)) сәйкес егер де ол әлі жасалмаған болса, МАГАТЭ-мен кепілдіктерді қолдану туралы келісімді және Қосымша хаттаманы (INFCIRC/540 (Corr.)) жасасуға және оны қолданысқа енгізуге;

с) мыналарды: ядролық қаруға иелік етпейтін кез келген мемлекетке, егер бұл мемлекет МАГАТЭ-мен осы баптың б) тармағында аталған Жан-жақты кепілдіктер туралы келісімді және оған қосымша хаттаманы жасаспаған болса, (1) бастапқы немесе арнаулы ыдыратқыш материалды немесе (2) жабдықтарды немесе арнаулы ыдыратқыш материалды өңдеуге, пайдалануға немесе оны өндіруге арналған материалды бермеуге міндеттенеді.

## **9-бап**

### **Ядролық материалдар мен жабдықтарды іс жүзінде қорғау**

Тараптардың әрқайсысы рұқсатсыз пайдаланудың немесе айналымға жіберудің немесе ұрлаудың алдын алу үшін ядролық материалдарды, қондырғылар мен жабдықтарды іс жүзінде қорғаудың тиімді стандарттарын қолдауға міндеттенеді. Әрбір Тарап осы мақсатта ішкі тасымалдау процесіндегі және сақтаудағы, сондай-ақ халықаралық тасымалдау процесіндегі өз аумағында пайдаланылатын ядролық материалдарға қатысты және өз аумағындағы ядролық қондырғыларға қатысты Ядролық материалдарды іс жүзінде қорғау туралы конвенцияда және іс жүзінде қорғауға қатысты МАГАТЭ-да әзірленген ұсынымдарда және басшылық қағидаттарында көзделген шаралардан тиімділігі кем емес, іс жүзінде қорғау шараларын қолдануға міндеттенеді.

## **10-бап**

### **Консультативтік кездесулер**

Тараптар өз өкілдерінің жыл сайынғы кездесуін кезектесіп өткізуге, сондай-ақ, кез келген Тараптың өтініші бойынша осы Шарттың сақталу мәселелерін немесе орындалуына байланысты басқа да мәселелерді қарау үшін төтенше кездесулер өткізуге уағдаласады.

## **11-бап**

### **Дауларды шешу**

Осы Шартты түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар келіссөздер жолымен немесе Тараптар қажет деп тапқан өзге де бейбіт құралдармен шешілуге тиіс.

## **12-бап**

### **Басқа келісімдер**

Осы Шарт Тараптардың осы Шарт күшіне енгенге дейін жасасуы мүмкін басқа да халықаралық шарттары бойынша олардың құқықтары мен міндеттемелеріне әсер е т п е й д і .

Тараптар осы Шартта баяндалған негізгі қағидаттарға сәйкес оның мақсаттарына тиімді қол жеткізу және оның міндеттерін жүзеге асыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

## **13-бап**

### **Ескертулер**

Осы Шарт ескертулердің мәні бола алмайды.

## **14-бап**

### **Ратификациялау**

Осы Шарт ратификациялануға тиіс.

## **15-бап**

### **Күшіне енуі және қолданылу мерзімі**

1. Осы Шарт ратификациялау туралы бесінші құжатты Депозитарий алған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

2. Осы Шарт мерзімсіз болып табылады.

## **16-бап**

### **Шарттан шығу**

1. Әрбір Тарап егер Шарттың мәніне байланысты ерекше жағдайлар оның жоғары ұлттық мүдделеріне қауіп-қатер туғызады деп шешсе, осы Шарттан Депозитарийдің атына жазбаша хабарлама жолдау арқылы шыға алады. Мұндай хабарлама оның жоғары ұлттық мүдделеріне қауіп-қатер туғызады деп қарастыратын ерекше жағдайлар туралы мәлімдемені қамтуға тиіс.

2. Шарттан шығу Депозитарий хабарламаны алған күннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді, Депозитарий мұндай хабарламаны Шарттың барлық Тараптарына және Хаттамаға қол қойған мемлекеттерге жолдайды.

## 17-бап

### Түзетулер

а) Тараптардың бірі ұсынатын, Шартқа жасалатын кез келген түзету барлық Тараптарға жіберіледі және ол өткізілгенге дейін кем дегенде тоқсан күн бұрын Консультативтік кездесуге ұсынылады;

в) мұндай түзетуді қабылдау туралы шешімді Тараптар консенсус арқылы қабылдайды;

с) осындай жолмен қабылданған түзету Депозитарий барлық Тараптардан осы түзетуді ратификациялау туралы құжаттарды алғаннан кейін барлық Тараптар үшін күшіне енеді.

## 18-бап

### Депозитарий

а) Ағылшын және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес болып табылатын осы Шарт осы Шарттың Депозитарийі болып табылатын Қырғыз Республикасына сақтауға тапсырылады;

в) Депозитарий, оның ішінде:

I) осы Шартқа және Хаттамаға қол қою мүмкіндігін қамтамасыз етеді және осы Шартты және Хаттаманы ратификациялау туралы құжаттарды сақтауға алады;

II) осы Шартты және Хаттаманы Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркейді;

III) осы Шарттың және Хаттаманың куәландырылған даналарын барлық Тараптарға және Хаттаманың барлық Тараптарына жібереді және оларды осы Шартқа және Хаттамаға қол қойылғандығы және ратификацияланғандығы туралы хабардар етеді.

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде өкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Шартқа қол қойды.

2006 жылғы \_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасы, Семей қаласында жасалды.

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Тәжікстан Республикасы үшін*

*Қырғыз Республикасы үшін*

*Түрікменстан үшін*

*Өзбекстан Республикасы үшін*



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК